

Ә. ОРНЫҚБАЙҰЛЫ

## АҚЫТ ҰЛЫМЖЫҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ЖЫРАУЛАР ЖЫРЫМЕН ҮНДЕСТИГІ

Шынжан қазақ әдебиетінің классигі Ақыт өлеңдерінің жыраулар жырымен үнdestігі, тамырластығы туралы пікір айтқан кезде қазақ поэзия тарихының қалыптасу, даму, өркендеу кезеңдеріндегі маңызды орынды иеленген ақын, жыраулар ортасында қандай рухани тұтастықтың немесе парыкты жақтардың сакталғандығы жөнінде тоқталуға тұра келеді. Бұл мәселе жөніндегі қазақ ғалымдарының пікірлірі әртүрлі. Атап айтсақ, Е. Ісмайилов «Тарихи деректерге қарағанда жыраулар – ақындардың ең көне типі», – десе «Тұп негізі қандай болған күнде де (қайсысы бұрын, қайсысы кейін шықса да) біз бір жайды ашып айта аламыз. Ол қазақ топырағында ақындар мен жыраулар о бастаң-ак, яғни қазақ халық болып құралған заманнан қатар өмір сүріп келуі, – дейді Р. Сыздыкова. «Қазақ хандығы дәүіріндегі төл поэзияда жыраулық дәстүр мен ақындық дәстүр қатар өмір сүрді. Бірақ қазақ елінің басына түскен жаугершілік тағдырына байланысты ел бірлігін, отаның амандығын, ел корғаған ерлерді мадақтаудың себебінен ақылгейлік сарын бет алып, жыраулық әдебиет дәурендереп өсті. Ал ақындық поэзия ол өреге жетпегендіктен қалтарыста қалып қойып ұмыт болып кетті», – дейді Т. Қабаев.

Қарап отырсаныз, мейлі қалай айтылса да бұл пікірлердің мазмұны бір-бірінен онша алшаш емес, белгілі негізге құрылған, жүйеге түскен ой корытындысы деуге болады. Жалпы алғанда, бізде XV-ғасырдың ұлы жырауы Асан қайғымен XVIII-ғасырда жасаған Бұқар жырауға дейінгі әдебиетті жыраулық әдебиет дәстүрінің үлгілері деп білеміз. Ал оның алды-артындағы әдебиет үлгілерін өлеңдік құрылым, автордың атқарған қоғамдық қызметі т.б жақтарына талдау жасай келе ақын немесе жырау деп тұрақтандырып жүрміз. Бірақ ертеде жазбаға түскен жәдігерліктерімізден бүтінгі гүлденген жазба әдебиетімізге дейін мүлде үзіліс болмаған аса үлкен желі сакталып отыр. Белинский кезінде Пушкин туралы: «Пушкин өзінен бұрынғы ақындарға қарағанда теніз болса, олар соған құйып толтыратын өзен төрізді», – деген екен.

Қазақ әдебиеті тарихындағы өз түсінің қа-бырғалы ақын жырауы саналған әрбір жеке тұлға

алып тенізге айналу үшін өзінен бұрынғы бұлак, өзен, дәрия рөлін атқарған халық өнерпазда-рының төл туындыларының қайнарынан еркін сусындағы білген. «Ақынды зерттеу дегеніміз – оның шығармасын құпия оку арқылы танысу емес сонымен бірге оның суреттегендерін өз басын-нан кешіре білу», – дейді Белинский. Біз Ақыт өлеңдеріне талдау жасау үшін алдымен Ақыт жасампаздығының қалыптасу барысын, себебін де түсінумізге тұра келеді. Ақыт өз баста бала шағынан халық арасындағы өлең-жырларды құныға тыңдал, өзі де дербес қағытпа-қалжың арнау өлеңдер айтып, бет ашып, айтыска түсетін дағды қалыптастырған.

Бұл оның өлеңдеріндегі халықтық сарынның күшті болуын тұлғаландырған болса, кейінгі кезде ауыл молдасынан окуы, Бұхардан келген оқы-мысты маҳбулладан(мырза бақадан) тәлім алуы, араб, парсы, тілдерін үйреніп, көне түркі, парсы, араб тіліндегі әдебиетпен танысуы себепті оның шығармаларында ислам дінінің басты сипат белгілері мен шығыс әдебиетіндегі сарын да белен алды. Қазіргі Ақыт туралы зерттеулерде міне осы жағы қөбірек айтылып жүр. Біздің көзделгеніміз мақаланың көтерген тақырыбына сай Ақытқа дейін жеткен үлкен халықтық рухани мұралар желісінің бір тармағы, оның шығармаларына халықтық сарын берген төл тума әдебиетіміздің бір бұтағы, жыраулар жыры мен Ақыт өлеңдерінің мазмұндық байланысы, тақырыптық үнdestігі, жөнө өлеңдік құрылымы өлшемі жақтарындағы ұқ-састықтары туралы.

1. Жыраулар алдымен өз руының, өз тайпасының тіпті бүкіл халықтың ерлік істерін мадақтап, ел ішіндегі келенсіз жағдайларға сын айтып, ел ішінің жақсы-жаманын, артықшылық, кемшіліктерін салыстыра мінеп, елдің бірлік ынтымағын дәріптеп, іргелі ел болудың жолын нұсқап отыратындықтан олардың жырларында дидактикалық сарын басым болып, ғақылиялық үндеулер молынан кездеседі. Мысалы, «Ей хан, мен айтпасам білмейсің» (Асан қайғы), «Еділ бол да Жайық бол» (Асан қайғы), «Бitemірді қажы сапарынан тоқтатуға айтқаны» (Шалгез жырау), «Еңсегей бойлы ер Есім» (Жиенбет жырау) барлығында міне осы сарын байқалады:

Еділ бол да Жайық бол,  
Ешкімменен ұрыспа,  
Жолдасына жау тисе,  
Жаныңды аяп тұрыспа.  
Ердін құны болса да,  
Алдына келіп қалған сон,  
Қол қусырып барған сон,  
Ант кеш те қоя бер.  
Бұрынғыны құыспа» («Бес гасыр жырлайды». 26-б.).

Енді Ақыттың «Билерге», «байларға», «моллаларға», «кедейлерге», «кәрілерге», «жігітерге», «әйелдерге», «қыздарға», деп келетін насиҳат өлеңдерінің барлығында жыраулар жырындағы секілді ақыл-тәрбие айту, жөн сілтеу, адамгершілікті дәріптеу мазмұндары қайталанып отырады.

Мысалы, «билерге»:

Әуел пара жемендер,  
Дүнне жолдас демендер.  
Елді ала демендер,  
Бұрып билік бермендер.  
Залымдардан пара жеп,  
Жамандыққа ермендер.  
Жамандық қып жалғанда,  
Ахыретке барғанда  
Катты ғазап көрмендер.  
Байдан пара алмандар,  
Ауызға арам салмандар.  
Жемірлермен бірлесіп,  
Момындарды жылатып,  
Обалына калмандар. («Ақыт шығармалары». 48-б.).

2. Жыраулар жырында тек қазак поэзиясының өзіне ғана төн белгілі халықтық өуенге салып айтуға болатын әрбір тармағы «несі артық», «не пайда», «белгілі», «жарасар» т.б. сияқты сөздердің қайталануы мен үйқасқа түсіп, сол арқылы халық тіршілігіне қатысты бір қыдыру мәселелерді ортаға салып, сараптап, қортындылап, жаксы жақтан үлгі алғып, жаман жақтан жиренуді дәріптең отыратын термелік қасиет басым болып келеді. Мысалы, Бұқар жырау:

Алystan қызыл көрінсе,  
Манат емей немене,  
Көтеріліп ұшқан сон,  
Қанат емей немене,  
Екі жақсы бас косса,  
Манат емей немене,  
Қамшылатып жүгірген,  
Шабан емей немене.  
Айтқан сөзге түспеген,  
Жаман емей немене...

Мұндай термелік сарын Ақыт өлеңдерінде де кездеседі.

«Тайтекенің үйінде» атты өлеңінде:

Малға құмар адамның,  
Көп қарасы азбен тен.

Білімсіз өскен адамның,  
Көрген қысы жазбен тен.  
Жатылмаған мергенге,

Шүрегей үйрек қазбен тен..., – болып келеді. Осындағы екі өлеңде «немене» мен «тен» сөздері құрылым жағынан өлеңдердің шымырлық қасиетін арттыра түсумен бірге мазмұндық жақтан да алшак емес екендігі байқалады.

3. Сахара эпосын тудыруышылардың бірі, ірі эпик ерлік жырларын шығарушы әрі нәзік лирик болған Қазтуған жырау артына өмір туралы ата мекен, туған ел жайында, табиғат аясындағы көшпенде халықтың болмыс, тіршілігі, өзін қоршаған орта туралы түсінігін бейнелеген мол жырлар қалдырған. Мысалы: «Алан да алан-алан жұрт» жырында:

Салпы-салпыншақ анау үш өзен,  
Салу әлі менің ордам қонған жұрт.  
Жабағылы жас тайлақ,  
Жардай атан болған жер,  
Жарлысы мен байы тен,  
Жабысы мен тайы тен .  
Боташығы бұзаудай,  
Боз сазаны тоқтыдай.  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған.  
Шырмауыты шөккен түйе таптырмас,  
Балығы көлге жылқы жаптырмас.  
Бақасы мен шаяны,  
Кежідегі адамға,

Тұн үйқысын таптырмас», – болып келсе, Ақыт «Тайтекенің үйінде» өлеңінің соңғы бөлімінде:

Жазғытүрим Алтайдың,  
Тамылжып көгі көгерер.  
Айраны шығып ақ толып,  
Бай мен кедей тенелер.  
Қарағай, қайың иіліп,  
Қарайсың оған сүйініп.  
Күн қарайды аспаннан,

Сұлудай қасы қызылп..., – деп Алтайдың жаз маусымындағы көрікті табиғатын, туған жердің көркем көріністерін тебірнен жырлайды.

4. Жыраулар жыры мен Ақыт өлеңдерінің өлеңдік құрылымы жағына үнілсек, мұнда да үлкен үқасстықтың бар екендігі айқын көрінеді. Жыраулар жыры негізінен 7-8 буынды жыр формасымен кейде шұбыртпалы, кейде төрт тармақты болып келеді. Ал Ақыт өлеңдерінің то-лғауларының көп бөлімі де 7-8 буынды жыр өлшемімен, кейде шұбыртпалы, кейде төрт тармақты үқаспен келіп отырады. Қазақ халықының беташар, жоктау т.б. тұрмыс-салт жырлары негізінен осы 7-8 буынды жыр өлшемімен жазылтындығына ескерсек, Ақыттың халықтық

рухани мұралардан терен үлгі алғандығына куә боламыз.

Ақыт ең алдымен осы көне жыр формасын пайдалана отырып өз заманының дәуір шындығын, қоғамдық орта жағдайын жаңа мазмұнды бейнелеу үшін қолдана білді, әрі бұл форманың өте икемді халықтық сарыны басым туындылар жаратуға болатындығын, осы арқылы халыққа үгіт насиҳат айтуда болатындығын түсінді.

Жалпы алғанда, біз мысалға алып отырған ұқсастықтар мазмұндық, құрылымдық байланыстар кездейсоқ емес. Ақыт қазақ халқының халықтың ежелгі әдеби мұраларын өсіресе жыраулық

поэзияны ардақтай біліп, одан үлгі-өнеге алып, оны өз шығармашылығына арқау ете отырып, сол арқылы өзіндік қолтаңбасын қалдырған ақын.

### ӘДЕБИЕТ

1. Ақыт шығармалары. Үрімжі: Шыңжан халық баспасы, 2000.
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Күйтүн: Іле халық баспасы, 1991.
3. Қабаев Т. Қазақ классик әдебиеті. Үрімжі: Шыңжан жастар-өрендер баспасы, 1990.
4. Бексұлтан кәсей. Қазақ әдебиет тарихы. Үрімжі, 1998. 1-т.
5. Сүйіншәлиев Х. VIII–XVIII ғасыр әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1998.